

I МОДУЛЬ ТАНЫСУ

4-сабақ Қайда жұмыс істейсіз?



1. Тыңдаңыз және есте сақтаңыз.

бөлім
кеңсе
қағар бөлімі
қаржы бөлімі
ішкі аудит бөлімі
құқықтық бөлім
сот кеңсесі
сот алқасы

Жоғарғы Сот
экономикалық сот
әкімшілік сот
аудандық сот
қалалық сот
мемлекеттік мекеме
соттар әкімшісі
жұмыс істеу

Сіз қайда жұмыс істейсіз?
Сен қайда жұмыс істейсің?
Ол қайда жұмыс істейді?

Әкімшілік сотта
жұмыс істеймін.



2. Оқыңыз.

Ал өзің ше, Еламан?

Мен экономикалық сотта
жұмыс істеймін.

Гауһар, сен қайда
жұмыс істейсің?

Мен мемлекеттік
мекемеде жұмыс
істеймін.





2. Үлгі бойынша жазыңыз.



Айтқамал Тоқтамысқызы,
қауға жұмыс істеуіңі?

-qa/-qe/

-ma/-me

Айтқамал Тоқтамысқызы, облыстық
сотта жұмыс істеуіңі.

Төлеген Жабықнаұлы
қауға жұмыс істеуіңі?



.....
жұмыс істеуіңі.



Әмірхан қауға
жұмыс істеуіңі?

.....
жұмыс істеуіңі.

Сіз қауға
жұмыс істеуіңіз?

.....
жұмыс істеуімін.



құқықтық бөлім

облыстық сот

мемлекеттік мекеме

аудандық сот

бөлім

экономикалық сот



3. Сұрақтарға жауап жазыңыз.

1. Сен қайда жұмыс істейсің?
2. Сіз қайда жұмыс істейсіз?
3. Әмірхан қайда жұмыс істейді?
4. Айтқамал Тоқтамысқызы қайда жұмыс істейді?
5. Ол қайда жұмыс істейді?



4. Мамандық иелері қайда жұмыс істейді?



Саят Күлкенұлы – судья.
Ол – облыстық сотта
жұмыс істейді.



Ерлан – тергеуші.
Ол
жұмыс істейді.



Айқос – прокурор.
Ол
жұмыс істейді.



Ақнұр – есепші.
Ол
жұмыс істейді.



Әмірхан – жетекші маман.
Ол
жұмыс істейді.



Гүлмира – хатшы.
Ол
жұмыс істейді.

бөлім

департамент

прокуратура

облыстық сот

аудандық сот

мемлекеттік
мекеме



5. Туісті жалғауларды жазыңыз.

Бөлім^{де}
жұмыс істеймін.

Облыстық сот____
жұмыс істеймін.

Мемлекеттік мекеме____
жұмыс істеймін.

Сіз қайда
жұмыс істейсіз?

Аудандық сот____
жұмыс істеймін.

Әкімшілік сот____
жұмыс істеймін.

Прокуратура____
жұмыс істеймін.

Жоғарғы Сот____
жұмыс істеймін.



6. Сұрақтар мен жауаптарды сәйкестендіріңіз.

Сен қайда жұмыс істейсің?

а. Жоқ, құқықтық бөлімде
жұмыс істемейді.

Сіз қайда жұмыс істейсіз?

ә. Мен аудандық сотта
жұмыс істеймін.

Ол қайда жұмыс істейді?

б. Мен қалалық сотта
жұмыс істеймін.

Ол құқықтық бөлімде жұмыс істей ме?

с. Ол прокуратурада
жұмыс істейді.



7. Тыңдаңыз, бос орынды толықтырыңыз.

Мен _____.

жұмыс істеймін.

Ол _____.

жұмыс істейді.

_____ жұмыс істейсің?
Мен _____
жұмыс істеймін.

Диқар, қайда _____

Мен _____
жұмыс істеймін.



8. Оқыңыз.

Азамат Сәлеметсіз бе!
 Асылхан Қауырлы күн!
 Азамат Сіздің аты-жөніңіз кім?
 Асылхан Менің аты-жөнім – Нұрбергенов Асылхан Батырбайұлы.
 Ал сіз кімсіз?
 Азамат Мен Жұмағұлов Азамат Даурабайұлымын.
 Асылхан Танысқанымға қуаныштымын.
 Азамат Мен қе. Асылхан Батырбайұлы, сіз қайда жұмыс істейсіз?
 Асылхан Мен Жоғарғы Сотта жұмыс істеймін. Лауазымым – судья.
 Сіз қайда жұмыс істейсіз?
 Азамат Мен прокуратурада жұмыс істеймін.



9. Оқыңыз. Сұқбатты ретімен орналастырыңыз.



Асылжан



Шаһимарқан

- 1 Сәлем, Шаһимарқан! Қалың қалай, Шаһимарқан?
- Бәрі орынша. Жаман емес. Өзіңнің қалың қалай, Асылжан?
- Қайда жұмыс істейсің, Шаһимарқан? Сәлем, Асылжан?
- Қалалық сотта жұмыс істеймін. Ал өзің, Асылжан?
- Кездескенше, Шаһимарқан! Көріскенше, Асылжан!
- Мен полиция департаментінде жұмыс істеймін.



10. Жазыңыз.

Мен облыстық сотта _____ .
 Сен прокуратурада _____ бе?
 Сен полиция департаментінде _____ бе?
 Сіз қарр бөлімінде _____ бе?
 Ол қаржы бөлімінде _____ .
 Ғанибек қайда _____ ?



11. Туісті жалғауларды жалғаңыз.

-қа, -ге, -та, -те

-нда, -нде

Тәуелдік жалғауының
III жағы -ы, -і
-сы, -сі
-нда/-нде/

Облыстық сот + та

Аудандық сот +

Бөлім +

Қарағанды облыстық соты + нда

Қазыбек би аудандық соты +

Қаржы бөлімі +

Заң бөлімі +

Қарр бөлімі +

Ішкі аудит бөлімі +

Департамент +

Прокуратура +

Полиция департаменті +

Қарағанды облысының прокуратурасы +



12. Үлгі бойынша сұрақ қойыңыз.

Үлгі:

Сіз қайда жұмыс істейсіз?

Мен облыстық сотта жұмыс
істеймін.

Сіз облыстық
сотта жұмыс
істейсіз бе?

а. – _____ ?
– Мен облыстық сотта жұмыс істеймін.

б. – _____ ?
– Иә, мен прокуратурада жұмыс істеймін.

с. – _____ қадр бөлімінде _____ ?
– Жоқ, қадр бөлімінде жұмыс істемеймін.

д. – Жанат, сіз қаржы бөлімінде _____ ?
– Иә, _____ .

е. – Ол _____ ?
– Ол экономикалық сотта жұмыс істейді.

ж. – Нұржан _____ ?
– Иә, полиция департаментінде жұмыс істеймін.



13. Тыңдаңыз, жазыңыз.

Blank lined area for writing.



QR-code қосымшасы
арқылы тексеріңіз